

# КҮЛКІСІЗ КҮНДЕР, ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕР

## Тағдыр

Сталиндік репрессия кезінде біздің елімізде көп жағдайда заңдылықтың сақталмай, адам праводарының аяққа басылғаны бәрімізге мәлім. Өйткені біздің Заңымыз (юриспруденциямыз) Ұлы Октябрь революциясы мен азамат соғысы жылдары тағдайында дүниеге келді де, соған байланысты онда революция мен соғыс кезеңдерінің қатал заңдары ол көріністерін тапты. Оның үстіне И. В. Сталин: «Социализм құрылысы жеңген сайын тап күресі күшейе түседі» деген теріс, жалған теория ойлап тапты. Міне, осы теорияның дұрыстығын дәлелдеу үшін Я. Вышинский, П. Ягода, Н. Ежовтар сол қатал заңның өзін одан сайын қатайта түсіп, оны демократиялық, гуманистік сипаттар-

дан мүлдем жұрдай етті. Бұл заң бойынша андамай айтқан әрбір сөз, байқамай басқан әрбір қадам қылмыс болып есептелді.

Оның үстіне Сталин, Вышинский, Ежов қылмысы дәлелденбеген адамдардың өздерін де жазалаудың, соттаудың жана жолын ойлап тапты. Олар Ішкі Істер Халық Комиссариатының жанынан ОСО (Особое совещание) немесе «Тройка» деп аталатын жаңа мекеме құрып, тергеу үстінде? қылмысы дәлелденбегендерді осы ОСО арқылы жазалап жатты.

Біз төменде сталиндік репрессия кезінде заманымыздың қалай бұзылып, адам праволарының қалайша аяқасты болғанын әңгіме етпекпіз.

1940—42 жылдары Қарағанды оқытушылар институтында оқып жүрген кезімізде Москвадан, Ленинградтан, Саратовтан, Россияның тағы басқа да орталық қалаларынан жер ауып, немесе айдалып келген бірсыпыра профессорлар мен доценттер біздерге лекция оқып, сабақ берді. Олардың ішінде қазір есімде қалғандары профессорлар П. С. Богословский, Л. Романовский, Якобсон, Меделец, Кобылянский, А. П. Спасибенко, С. Ф. Мамиконян болды.

Бұлардың ішінде, әсіресе, профессор П. С. Богословскийдің біздер, студенттер үшін, жалпы институт үшін орны ерекше еді. Өйткені бұл біздің профессор деген биік атағы бар адамды тұңғыш рет көруіміз:

Павел Степанович— ұзын бойлы, зор денелі, кең иықты, келісті келген кісі еді. Атжақты, ақшыл жүзі де өн бойына жарасып тұратын. Соғыс жылдарының ауыртпалығына қарамастан, әрқашан таза киіліп, жинақы жүретін. Ақ жағасына тағылған әдемі галстугі мен көзіне киген әсем көзілдірігі сұлу сымбатына қандайда бір келісім, көрік беретін. Профессор өзі туралы тіс жарып, ештеңе айтпайтын. Жалпы артық сөйлемейтін. Аудиторияға жай ғана басып кіріп, студенттермен салқындау ғана амандасып, тиісті лекциясын оқып, сыпайы ғана қоштасып, портфельін қолтығына қысып алып, үйіне қарай жүре беретін. Біз оның соңынан ұзақ уақыт қарап тұратынбыз. Кейін Алматыға келіп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік универси-

деген ой менің көңілімнен мәңгілік орын алды. Профессор П. С. Богословский айтқан осы қайсарлықтың керек жерін мен өмірде көп кездестірдім. Солардың бір-екеуіне тоқталып өткім келеді. Өйткені, мұның танымдық әрі тәрмонелік мәні бар.

1946 жылы, Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, әскерден босанып елге келдім. Екі жылдық институт берген білім аз көрініп (расында да, ол солай еді) Алматыға келіп, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Оның үшінші курсын ойдағыдай бітіріп, июнь айында жұртпен бірдей жазғы каникулға шықтым, 1947 жылдың сентябрінде яғни жаңа оқу жылы басталғанда, университетке қайта оқуға келсем, маған старостамыз:

—Бейсен, сен IV курс студенттерінің тізімінде жоқсың. Сені IV курсқа жібермепті,— деп қарап отыр.

—Неге? Қалай?—деймін мен таңданып.

—Білмеймін,—деді староста,—деканатқа барып өзің біл.

Мен жалма-жан жүгіріп деканатқа бардым. Барсам, деканның өзі жоқ, оның орнын басары Коха деген кісі отыр екен. Мен еңтігіп келгенмін, сонымды баса алмай тұрмын. Солығымды әзер басып, демімді әзер алып, келген себебімді айта бастадым.

—Коха жолдас, неге екені белгісіз, мен IV-курс студенттерінің тізіміне ілікпей қалыппын,—деймін.

—Фамилияңыз кім?—дейді ол жайбарақат.

—Ихсанов. Филфак,

едім ғой. Курстас студенттердің алдыңғы қатарында болдым. Бағам —ылғи «төрт» пен «бес». Көтеріңкі стипендия да алып тұрамын. Мұнысы несі екен?

Осындай ойлармен мен-зен болып, университеттің оқу істері жөніндегі проректоры Х. Ибрашев деген кісінің кабинетіне бардым, Барсам, алдында А. Зенкова деген секретарь-қыз отыр екен. Мен:

—Ибрашев жолдасқа кіруге бола ма?—дедім.

—Ол кісі жоқ.

—Қайда екен?

—Білмеймін.

—Енді не істеймін?

—Қазір жаңа оқу жылы басталған шақ. Жұмыс көп. Абитурientтермен де жұмыс әлі біте қойған жоқ. Сәрсенбі күні келіңіз. Күндізгі сағат 2-ден бастап, кешкі 6-ға дейін қабылдайды. Сонда кіресіз,—деді.

Бүгін — дүйсенбі. Алда әлі екі күн бар. Екі күннің сабағы өтіп, лекциялары оқылып кетеді. Сонда мен не істеймін? «Екі күн сабақтан қалдың» деп, соны да сылтау етіп, себептің үстіне себеп тауып, университетке мүлде қабылдамай қояр ма екен» деп те ойлаймын. «Ешбір себепсіз университеттен шығарып жіберген олар үшін, екі тәулік бойы сабаққа келмей, жоғалып кету — үлкен себеп, бас бұлтартпас дәлел емес пе?» деп те ойлаймын.

«Кой, әлгі спецчасть іздеп жатыр» деп еді ғой, қарап жүргенше, сонысына да барып шығайын» деген оймен соған қарай аяңдадым. Барсам, ол да жабық тұр екен. «Асығысы не, тағы бір келермін» деп,

тетіне келіп түсіп оқығаным-да, өзінің түр-тұрпаты, сыр-сипаты, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы жағынан Павел Степановичке ұқсайтын бір-ақ адам көрдім. Ол — жазушы әрі профессор Мұхтар Әуезов еді.

Профессор Богословский өзі жөнінде ештеңе айтпағанмен, жұрт ол туралы кейбір мәліметтерді бізге жеткізіп те жүреді. Олардың айтуына қарағанда, П. С. Богословский революциядан бұрын-ақ Россияның Императорлық Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланыпты. Біреулер бізге, сол жөнінде 1914 жылы Санкт-Петербургта басылып шыққан кітапты да әкеп көрсетті. Онда Россияның Императорлық Ғылым академиясының толық мүшелерінің тізімі жарияланыпты. Соның ішінде біздің профессордың фамилиясы да тұрды. Мұны көріп біз, әрине, тағы да бір мақтанып қалдық.

Екінші жолы біреу атақты фольклоршы-ғалым Ю. Соколовтың «Орыс фольклоры» деген жоғары оқу орындарына арналған оқулығын әкеп көрсетті. Онда да орыстың атақты фольклоршы-ғалымдарының қатарында біздің профессорларымыздың да (П. С. Богословскийдің де) аты аталыпты. Оны да өз қолымызбен ұстап, өз көзімізбен көрдік. Міне, осындай атақты ғалымның біздің қаламызға келіп, біздің арамызда жүргенін, әсіресе, өзімізге лекция оқығанын —біз өзіміз үшін зор мақтаныш әрі үлкен абырой санадық.

Павел Степанович бізге лекцияны орыс фольклорынан оқитын. Ол өзінің негізгі лекциясына кіріспестен бұрын, бізге «Студент» деген сөздің мағынасын түсіндірді. Профессордың айтуынша, студент — латын сөзі, ол орысша упорный, ал қазақша айтқанда қайсар деген мағынаны береді. Демек, студент қайсарлықпен оқуы керек, қайсарлықпен ізденуі керек, қайсарлықпен еңбек етуі керек. Өйткені студенттің қолында ешқандай билікте, байлық та жоқ.

Оның үстіне ол әркімге бағынышты, әркімге тәуелді. Өз қолындағы байлығы мен билігін оған ешкім де, тіпті туған әке-шешен де босқа бөліп бермейді. Сондықтан да студент білімді де, байлықты да, билікті де өз еңбегімен, өз күшімен бір сөзбен айтқанда, қайсарлықпен алуы керек.

Мінепрофессор П. С. Богословскийдің орыс фольклоры жөнінде оқыған лекцияларымен бірге, студент және қайсарлық туралы айтқан әңгімесі менің жас жүрегімде мықты ұялап қалды. Оқуда болсын, еңбекте болсын, тұрмыста болсын, —не нәрседе болсын — қайсар болу керек

—А, білем, білем. Сен университеттен шығарылдың — дейді Коха күмілжіп.

—Қалайша? Не үшін?—деймін мен түсінбей,

—Өткен курстың сабақтарын түгел өткізіп пе ең?

—Түгел тапсырғанмын. Тіпті бірде-бір сабақтан «үштігім» де жоқ. Кілең «төрт» пен «бес». Көтеріңкі стипендия да алып тұрамын.

—Әлде бір жерде қосымша қызмет істейтін шығарсың?

—Істеймін. Бірақ әрі оқып, әрі жұмыс істеп жүрген жалғыз мен емес қой. Мүмкіндігі болғандардың көбі жұмыс істеп жүр. Егер мәселе тек соған қарап тұрса, мені шақырып алмай ма, менімен сөйлеспей ме, не оқисың, не жұмыс істейсің, деп айтпай ма? Сонда мен жұмысты тастап, біржола оқу оқитын едім ғой, —деймін мен жалына сөйлеп.

—Ендеше, білмеймін, про-ректорға барыңыз,—деді деканның орынбасары,— жағдайыңды сол кісіге айтыңыз. Бәлкім, ол кісі бірдеме білер, бір шара қолдана-р.

Осы кезде бір бұрышта отырған деканаттың секретары Еремина:

—Сендерді спецчасть іздеп жүрген,—деді.

Меніңжүрегім зу ете қалды. Өйткені спецчасть кісіні жай-дан-жай іздемейді. Онымен істес болғандардың жұмысының алға басқаны некен-саяқ. Екпінім мен ентігім басылып, енді бойымды күдік биледі. Бойымдағы осы өзгерісті білдірмеуге тырысып.

—Қашан іздеп жүр?—дедім жай ғана.

—Осы бір айдың шамасында.

—«Сендер» болғанда, менен басқа тағы кімдерді іздеп еді?

Секретарь менімен бірге келіп оқуға түскен тағы бір жігіттің фамилиясын айтты.

—Ол оқуын бітіріп кетті,—дедім мен.

—Онда мен ештеңе білмеймін,—деп секретарь өз жұмысына қайта кірісіп кетті.

—Жарайды, оған да барып шығайын,—дедім бойымдағы күдігімді білдірмеуге тырысып, бойымды тік ұстап, жай-барақат.

Мен ұнжырғам түсіп, екі иығым салбырап, деканаттан әзер шықтым. Өйтпегенде ше? Университетте оқу, оны бітіру—менің өмір бойғы арманым еді. Туған ауылымды, әке-шешемді тастап, өскен қаламды, ондағы ағайын-туыс, дос-жарандарды қалдырып, окимын деп, әдейі осында келдім ғой. Бірақ ешбір қиындықсыз, жеңіл түсіп кетіп едім, бұл әлде сол үшін тағдырдың менен алып отырған есесі (өші ме)? Бірақ оңай түссем де, жаман оқымап

одан да тук бітіре алмай кеттім, «Жарайды, сәрсенбіге дейін госа тұрайын. «Сәрсенбі —сәтті күн» деуші еді ғой, бір сәті тусер, оған дейін сабаққа қатысып, лекцияларды тыңдай берейін, аудиториядан мені ешкім қуып шықпас, бәрі де өз адамдарымыз, кешегі курстас жолдастарым, достарым ғой» — деген оймен IV-курсқа, өзіміздің студенттердің арасына қайта келдім. Менің жолымды әдейі аңдып тұрғандай, тағы да, старо-станың алдымнан шыға келмесі бар ма? Бірінші сұрағы:

— Не болды? Не деді?

Мен күмілжіп, бірдеңе деп жауап бере бастап едім, ол менің сөзімді орта жолдан үзіп жіберді де.

— Өзің былқылдамай, тұрасың айтшы: оқитын болдың ба жоқ па? — деді.

Бұған менің не деп жауап беруім керек? «Расында да шығарып тастапты» десем, староста аудиторияға кіргізбей қоя ма?» деп қорқамын. «Ал қателік кеткен екен. Шығармапты. Оқи бер» деп айтты десем, кейін ол өтірік болып шықса, қайтемін? Сонсоң есімді жинап алдым да, ақырын ғана:

— Декан орнында болмады, басқалары ештеңе білмейді,—дедім, басқа студенттер естіп қоймасын дегендей.

— Проректорға бармадың ба? — дейді староста дауысын одан сайын көтеріп.

— Ол кісі де орнында болмай шықты. Сәрсенбі күні қабылдайтын көрінеді. Сонда барамын ғой. Ал ертең деканға қайта барып, жолығамын. Одан ештеңе шықпаса, бүрсігүні проректорға барамын. Оған дейін лекцияларға қатыса берейін, — деймін мен сөзімді, басқалар естіп қоймасын деген оймен. Бірақ староста Аханова.

— Жок, болмайды, — деп бір-ақ кесті. —Студент емес адамды мен аудиторияда ұстай алмаймын.

— Ой, айналайын-ау, тек студенттер ғана емес, сырттан оқитындар да, екстарнаттар да, тіпті өз еркімен тыңдаушылар да келіп лекцияны тыңдап кетіп жатады ғой. Оларға қарағанда, мен кешегі өз студенттерін, өз адамдарыңмын ғой, — деймін жалынып.

— Жок, болмайды. Олардың жөні басқа. Олардың ректораттан немесе деканаттан лекцияға қатысып, тыңдап жүруге рұқсаты болады. Ал сенде ондай қағаз жоқ, — дейді староста қарысып. «Қасқырдан қарауыл қойсаң, көретін күнің міне, осы» деймін ішімнен.

— Сонда мен деканатқа немесе ректоратқа барып, рұқсат қағаз алып келуім керек пе? — деймін Ахановаға.

(Жалғасы бар).

# КҮЛКІСІЗ КҮНДЕР, ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕР

## Тағдыр

— Иә, барып, рұқсат алып кел, — дейді староста одан әрі қарай қарысып.

— Ой, Саханай-ау, мынауын сұмдық кой. Қазір декан да, проректор да орнында жоқ. Сонда рұқсатты маған кім береді?

— Онда менің жұмысым жоқ. Аудиторияны босатыңыз! — деді де староста теріс айналып жүріп кетті. Мен салым суға кетіп, аудиториядан әзер шықтым. Бұл менің студенттік өмірімдегі маңдайыма тиген алғашқы соққы шығар. «Жарайды, — деймін ішімнен, — бір реті болар. Бір кезде профессор Богословский «студент — упорный — қайсар» деген сөз деп еді ғой. Бұған мен егілмейін, мойымайын, бұл үшін ұнжырғам түспесін. Одан да ізденейін, арызданайын, қайсарлық көрсетейін» деп, бірінші жағынан өзімді-өзім жұбатамын, екінші жағынан, өзімді-өзім қайрап, жұмысқа қарай беттедім. Ал ызадан ішім оттай жанып, миым удай ашиды. Көше бойына: «Оқуға деген правом қайда, правом?...» деп айқай салғым да келеді. Бірақ... сонымен, жазушы Әзілхан Нұршайықов айтқан «Махаббат, қызық мол жылдар» мен үшін бітіп, онын орнына күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндер басталды.

Мен үшін мәселенің ең қиыны мынау болды: «Мені университеттен шығарып жіберді...» деп, кімге айтам, кімге барып мұңымды шағамын. Тіпті «мені университеттен шығарып жіберді» деп айтуға да ұяламын. «Не үшін?» десе, не деймін? Тіпті олардың көңілінде: «Е, мынаның бір былығы бар екен ғой» деген күдік туады ғой. Олар: «Бізде жазықсыздан-жазықсыз ешкімді де жазғырмайды. (Бұл ұғым ол кезде кең өріс алған ғой). Демек, мұның арты шикі. Пәледен аулақ жүрейік» деп, тіпті менен аулақ қашар. Ал жора-жолдассыз қалай өмір сүруге болады?!

Ертедегі студенттер тәрзіді студенттердің қозғалысына қатысып, демонстрация, ереуіл жасаған жоқпын, немесе соғыс кезінде жау жағына өтіп кетіу, Отанға опасыздық жасап, халққа қарсы оқ атқан жоқпын. Оқуым да, тәртібім де, мінез-құлқым да жаман емес тәрзіді. Әзірше ешкімнен «ит, күшік» деген сөз естіген емеспін. Қанша ойлансып, толғансам да, мені университеттен шығарып жіберетіндей, өз бойымнан ешбір кінә таппаймын.

сымен Орталық Комитеттің бригадасы құрамында (жетекшісі — КазГУ-дің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты А. Қайыргелдин) Орталық Комитеттің егінді орып және жинау жөніндегі өкілі ретінде Ақмола облысының Қорғалжын ауданына барған едім. Оны проректор білмейді. Мен сонда жүріп бірдеңені бүлдіріп қойған жоқ па екем? Соған байланысты ЦК-ның мені жазалағаны ма деп те ойлап тұрмын.

— Жок, ЦК-ның сізде несі бар? Басқа жерден. Оны айтуға болмайды. Мемлекеттік, мекемелік құпия дегендерден хабарыңыз бар шығар, — деді.

Бізде айтуға болмайтын мекеме тек НКВД ғой. Кейбіреулер оның атын ауызға алудан да қорқып, оны тек «төрт әріп» деп қана атайды. Ал олардың менде несі бар екен? — деймін ішімнен.

— Енді мен не істеймін? — денмін қиналып.

— Оны өзіңіз білініз. Не сырттай оқыңыз немесе экстерно оқыңыз. Мен ана Х. Фазыловқа немесе Х. Ишановқа айтайын, сізді не заочно, немесе экстернат етіп қабылдасын. Бірақ сіз оларға: «Мені университеттен шығарып жіберді, енді, сырттай оқығым келеді» деп айтушы болмаңыз. Онда олар «сіздің бір пәлеңіз бар екен» деп күдіктеніп, сырттай оқудың өзіне де қабілдамай қоюы ғажап емес. Кейбір адамдардың шектен тыс саяқтық жасайтынын өзіңіз де білетін шығарсыз. Ондайларды орыс жолдастар «перестраховщик» деп атайды.

Хасен Ибрашев қандай тамаша адам десеңізші! Ол менің кім екенімді, қай жерден шыққанымды да білмейді. Бірақ менің студент екенімді, оқығым келетінін қатты сезеді. Тек сол үшін ғана өзінің үлкен басы мен қызметіне қарамастан, маған атамша ақыл айтып, жанашыр жақынымдай жөн сілтеп отыр.

Берген ақыл-кеңесі мен көрсеткен жәрдемі үшін проректорға сасып-пысып, есім шығып жүріп, рақмет айттым ба, айтпадым ба, — оны өзім де білмеймін, — әйтеуір оның бөлмесінен шығып, университеттің сырттан оқыту жөніндегі проректорының кабинетіне келдім. Ол бірінші қатарда, шыға берістегі он жатағы бірінші есік болатын. Келсем, ол кісі орнында болмай шықты. Алдында отырған хатшы қыз.

па еді. Азар болса мен де солай естермін. Сол кезде:

Болмасан да, ұқсап бақ Бір ғалымды көрсеніз.

«Ондай болмақ қайда?» деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз, — деген Абай ақынның өлең жолдары еріксіз есіме түсті,

Сонымен мен университетте экстерно оқи бастадым. Бір жылдың ішінде ағымдағы пәндерді ойдағыдай өткізіп, 1948 жылдың 2 июль күні мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып, ректор Т. Тәжібаев, доцент, Мемлекеттік емтихан комиссиясының председатели, Ф. Жеребятьев, секретарь А. Зенковалар қол қойып, мөр басқан диплом (В № 122779) алып, университетті өз курстарымынан бір жыл бұрын бітіріп шықтым. Сөйтіп, бір кезде профессор П. С. Богословский айтқан, студент — упорный-кайсар деген сөздің растығына көзім бір жеткендей болды.

Сол жылдың күзінде Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түсуге арыз бердім. Аспирантурада оқу, ғалым болу деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген нәрсе еді, Бірақ университетте мемлекеттік емтиханды тапсырып болып, диплом алып тұрған кезімізде, біздерге сол кездің өзінде республикамызға есімдері танымал белгілі әдебиетші, ғалымдар әрі өзіміздің сүйікті ұстаздарымыз болған Е. Ысмайлов пен Б. Кенжебаевтар кездесіп қалып, университет бітірушілермен әңгіме өткізген болатын. Сонда олар кейбіреулерімізге аспирантурада қалуға кеңес берген еді. Оның үстіне университетте оқып жүрген кезімізде Ж. Аралбаев, Қ. Тұрғанбаев, Х. Қожаметова сияқты аспиранттармен бір жатақханада тұрдық. Сонда солардың оқуына, тұрмысына қызыға қарайтынбыз. Біздер де солардай аспирант болсақ деп арман ететінбіз.

Ұстаздарымыздың өздері айттып тұрған соң әрі өзіміздің жүрек қалауымыз бойынша Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына түсу үшін арыз бердік. Қабылдау сынағынан ойдағыдай өткендеріміз 1948 жылдың күзінде аспирантураға қабылдандық, Аптасына үш рет сабақ өтеді. Маған ғылыми жетекші болып филология ғылымдарының кандидаты, доцент Е. Ысмайлов тағайындалды. «Қазақ балалар әдебиетінің даму жолда-

Былтыр күзде бір кезде өзім қызмет істеген Қарағанды облыстық газетінің редакторы: «Жұмысты тастап кетті, оқимын деп бізді алдап кетті, отыз хатты тапсырмай кетті» деп, менің сонымнан қуып келгенде де, университет мені оқудан шығармап еді. Ал бұл жолы кім болды екен? Кімде болса, редактордан да зор, редактордан да күшті біреу болды-ау деймін ішімнен.

Әлде өзім қосымша қызмет істеп жүрген «Пионер» журналының редакторы ма екен? Ол да маған: «Не оқы, не қызмет істе, — екінің бірі», деп ызындай беруші еді. Әлде сол ма екен менің үстімнен шағым (арыз) түсірген. «Өз еркімен оқуды тастағысы келмесе, мен оған осылай айла қолданайын» деп. Бірақ Төкен ағай мұндайға бара қоймас. Ол кісі: не істесе де, өзіме ескертіп, өзіме айтып барып істейді ғой» деген де ойға келемін. Қалай болған күнде де ақыл—алтау, ой—жетсеу.

Бойды басқан осы зілқара тас оймен жұмысқа келдім. Болған оқиғаны тірі пендеге айтқамын жоқ. Тіпті ең жақын деген жолдастарымнан да, тіпті өз үй-ішімнен де жасырдым. Қалай айтарсың? Мұндай суық, жайсыз хабарды естіген кейбір жолдастарың күліп, дұшпандарың (егер олар бар болса) табалап, ал ағайын-туыстарыңның зәресі ұшып, суып кетуі де ғажап емес. Оның үстіне мәселенің түбіне әлі көзім жеткен жоқ. Сәрсенбі күні проректорға жолығып, істің басын біржола ашып алайын деп ойладым. Алдын-ала байбалам жасап, күні бұрын жар салғым келмеді.

Сарыла күткен сәрсенбі де келіп жетті-ау, әйтеуір... Сол күні проректордың қабылдау бөлмесіне ертерек барып, кезекке тұрдым. Бір кезде менің де кезегім жетті-ау. Бөлмеге кірсем, проректор көңілді отыр екен. Оған да қуанып кеттім.

— Сәлеметсіз бе, ағай, — дедім ақырын ғана. Ол менің екі туып, бір қалғанымдай. Ол кісі мені танымайды, бірақ менің «ағай» дегеніме қарап, бұл менің бір танытын жігітім шығар, осыны қайдан көрдім дегендей, маған үніле қарайды.

— Отырыңыз; — дейді ол мені танымаған соң, жай ғана жанында тұрған орындықты нұсқап. Мен ол кісі нұсқаған орындыққа отырып, аты-жөнімді айтып, өзімді таныстырып болған соң келген жұмысымды айта бастадым.

— Иә, білемін, — деді ол, — осында тиісті орындардан біреулер келіп, сізді университеттен шығаруға нұсқау беріп кетті. Амал жоқ, біз көндік.

— ЦК-дан ба?

Олай деп отырғаным: жазғы каникул кезінде, август айында Қазақстан Орталық Партия Комитетінің командировка-

— ЖенПИ-де лекциясы бар еді, соған кетті, — деді.

Енді не істерімді білмей аңырып тұрғанымда, бір бұрышта отырған көздірікті қазак жігіті.

— Ертең болады. Тек сағат 9-бен 10-ның арасында келіңіз, одан кешіксеңіз кетіп қалуы мүмкін. Бастықтарда жұмыс басынан асып жатады. Жайғасып бір орында отыра алмайды, — деді. Онысы рас еді.

Кейін білдім. Бұл — сол сырттан оқыту бөлімінің инспекторы Ахмет Собалаков деген кісі екен. Мамандығы — математик. 1960 жылдары «Мектеп» баспасында аға редактор болып қызмет істеп жүрді. Бір кездері «Білім және еңбек» журналына математикалық есептер мен ойындар жөнінде мақалалар жазып тұрды.

Сөйтіп ертеңіне КазГУ-дің сырттай оқу істері жөніндегі проректоры Х. Ишановтың қабылдауында болдым. Сол жерде отырып, семья жағдайыма байланысты сырттай оқуға ауыстыру жөнінде арыз (өтініш) жаздым. Менің осы арызым негізінде кейін бұйрық та берілді.

— Төртінші курстан бастап оқи бересің, Белгіленген оқу жоспары бойынша дайындалып келіп, емтихан өткізіп тұрасың. Емтихан өткізу жөнінде кімге, қандай жолдама алу туралы кеңесті ана кісіден аласың, — деді бұрышта отырған кешегі кісіні нұсқап.

— Мен заочникпін бе, әлде экстернатпын ба? — дедім мәселенің басын ашып алғым келіп.

— Өзіңнің қалай оқығың келеді?

— Экстерно.

— Бізде заочно, экстерно деген екі бөлім жоқ. Екеуін де осы бөлім жүргізеді. Экстернат болсаң, қысқы, күзгі, жазғы сессияларды күтіп отырманың. Дайын болған кезінде келіп, емтихан тапсыра бересің, — деді Х. Ишанов.

Мен бұған қуанып кеттім. Біріншіден, «сырттан оқып бітірді», дегенді өзімше кем әрі мін көрдім, екіншіден, экстерно оқысан, университетті тезірек бітіруге болады екен. Ал менің жағдайымда бұл өте қажет. Өйткені, біріншіден, бұл кезде менің жасым келіп қалған, екіншіден, семьям бар, үшіншіден, жұмыс істеп жүрмін, төртіншіден... тағы бір белгісіз біреу келіп, бастықтардың құлағына сыбырлап, бұдан да шығартып тастай ма деп қауіптенемін. Қайткен күнде де маған университетті тезірек бітіру керек. Ал білім қорын кейін, жата-жастана, өздігімнен оқып, жинап алам ба деп ойлаймын. Ең бастысы — В. И. Лениннің өзі де Қазан университетінен шығып қалғанда, оны экстерно оқып, бітіріп шықпап

ры» деген тақырыпта диссертация жазатын болдым. 1949 жылдың жазында философия мен шет тілінен кандидаттық минимум тапсырдық. Ал сол жылдың күзінде әдебиеттен минимум өткіздік. Сөйтіп, № 6 форманы да алдық. Мұнан кейін мен өзімше диссертацияны 1951 жылдың алғашқы жартысында жазып бітіріп, сол жылдың күзінде қорғап шығатын болармын деп ойлаймын. Оған әлі бір жарым жыл бар. Ғылыми жетекшімнің де ойы осыған саяды.

Студенттер сияқты аспиранттарға да жазғы каникул беріледі екен. Мен 1950 жылдың июль айында кезекті демалысымды алып, туған ауылыма (Қарағанды облысының Нұра бойына) барып, ел-жұрт, ағайын-туыстарымды аралап, Алматыға қайтып оралдым. Сентябрь айының бас кезінде оқып жүрген Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына барып, өзімнің жазғы каникулдан қайтып келгенімді айтайын әрі екі айлық стипендиямды алайын деп, бухгалтерияға кіріп, кассирге жолықтым. Кассир аспиранттардың тізімін қарап жіберді де:

— Сізге ақша жоқ, — деді.

— Неге? — деймін түсінбей.

— Сізді аспирантурадан шығарып тастаған, деді төрде отырған бухгалтер кассир үшін жауап беріп.

— Қашан?

— Осы жылдың бірінші августынан бастап.

— Кім? Не үшін? — деймін қызараңдап.

— Біз оны білмейміз. Аспирантура бөлімінен барып сұраңыз.

Мен жүгіріп аспирантура бөліміне бардым. Бөлімнің инспекторы Ангелина Николаевна орнында отыр екен. Жай-күйді айта бастадым.

— Мен білмеймін, — деді ол қиналып, менің бетіме жаны ашырлықпен қарап. — Бөлім меңгерушісінен сұраңыз, бәлкім, сол кісі білер.

Сонсоң аспирантура бөлімінің меңгерушісі К. Махмудов деген кісіге бардым. Ол кісі өз орнында отыр екен. Сау-саламаттықтан кейін Ангелина Николаевнаға айтқан сөзімді ол кісіге де қайталап айта бастадым.

— Мен білмеймін, — деді ол кісі күмілжіп, — әйтеуір жоғары жақтан сондай бір нұсқау болды.

— Кімнен?

— Институтыңның директорына барып жолықсайшы, бәлкім, сол кісі бірдене білер, деді.

Сөйтіп мен үшін күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндер тағы да басталды.

(Соны бар).

# КҮЛКІСІЗ КҮНДЕР, ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕР

## Тағдыр

Ол кезде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының директоры Мәлік Ғабдуллин болатын. Бұл кісі ол кезде Совет Одағының Батыры, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, филология ғылымдарының кандидаты, бір сөзбен айтқанда, даңқы жер жарып, аузынан жалын атып тұрған кезі, Менің ойымша ол кісінің ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс болуға тиіс. Мен ақиқат іздеп, әділдік, заңдылық іздеп, қамқорлық, пана іздеп, сол үлкен кісіге бардым, Барып жағдайымды айттым. Ол кісі бұл мәселеден хабарсыз екен. Ештеп күйініп, кейінге дейі кейіп білдірді. Дереу аспирантура бөлімінің меңгерушісіне телефон соқты. Бірақ, ол орнын да болмай шықты.

— Жарайды, жүре бер, кейін онымен өзім сөйлесермін. Хабарласып тұр, — деді.

Салым суға кетіп, директордың кабинетінен көңілсіз шығып, сенекте, екінші қабаттағы басқыштық биік қабырғасына сүйеніп, төмен қарап тұнжырап тұр едім, төменнен жоғары қарай көтеріліп, белгілі ақын Қапан Сатыбалдин келе жатыр екен. Басымды көтеріп, қасына барып, сәлем бердім.

— Негып тұнжырап тұрсың? — деді ол менің көңілсіз тұрғанымды бірден байқап қалып. Мен жағдайымды айттым. Ол:

— Ешбір себепсіз, негізсіз шығарып тастағаны қалай? — деді. Мен жауап бермедім. — Не себепті шығарыпты? Соны бастықтарынан сұрадың ба? Олар не дейді?

— Сұрадым. Бірақ оны олардың өздері де білмейді, — дедім.

Қапаназ ойланып тұрды да, қалтасынан қойын дәптері мен қаламын алып.

— Қане, айтшы жағдайыңды? Қашан түстің? Қалай оқыдың? Тәртібің мен үлгерімің қалай еді? — деп сұрап жатыр. Сөйтсем ол кісі "Литературная газетаның" Қазақстан бойынша меншікті тілшісі екен. Оны кейін білдім. Мен үлкен ақын әрі белгілі қаламгер болған соң, бастықтармен мен жөнінде жай ғана сөйлесіп қана қоятын шығар деп ойладым да, жағдайымды айттым. 1948 жылы емтихан тапсырып, конкурс өтіп, түскенмін. Бір жарым жылдың ішінде барлық минимумдарды тапсырып бітіргенмін. Қазір «Қазақ балалар әдебиетінің даму жолдары» деген тақырыпта диссертация жазып жүрмін. Ғылыми жетекшім — филология ғылымдарының кандидаты, доцент Есмағамбет Ысмаилов, институт директоры — М. Ғабдуллин, аспирантура бөлімінің меңгерушісі К. Махмудов, ешқайсысының маған қояр кіносі, тағар міні жоқ тәрізді еді, — деймін мұнайып.

— Жарайды, мен де директорға және аспирантура меңгерушісіне кіріп, сөйлесіп шығармын, — деді. Мен рақмет айтып, қош айтысып, кете бардым.

Келесі күні аспирантураға қайта бардым. Келсем К. Махмудов орнында отыр екен. Сәлем бердім, ол кісі менің сәлемімді салқындау қабылдады. Мен аспирантурадан мені кім және не үшін шығарғанын білгім келетінін айттым. Ол біраз ойланатып тұрып:

— Жоғары жатқан сондай нұсқау болды, — деді. Мен:

— Ол қандай жоғары жақ? — дирекциядан ба, әлде президиумнан ба? — дедім.

— Жок.

— Сонда қайдан? Әлде Орталық Комитеттен бе? — деймін қиналып. Ал ол:

— Сен немене, менен жауап алғың келіп тұр ма? — дейді ашуға ыңғайланып.

— Жок, — деймін мен ашынып. — Менің білуім керек қой, ізденуім керек қой. Бұл ба-

рып тұрған заңсыздық қой. Оқуға деген право, тіпті, Конституцияда да жазылған ғой. Менің сол правома қол сұғып жүрген кім? Тек соны ғана білгім келеді, — деймін.

К. Махмудов біраз қиналып отырды да, мен сұрап қоймаған соң:

— Жарайды, сұрап қоймадың ғой. Ендеше мен айтайын. Бірақ сен мұны аузыңнан шығарушы болма. Сені аспирантурадан шығарған президент те, директор да, мен де емеспін. Сені аспирантурадан шығар деп нұсқау берген төрт әріптің адамдары. — «Төрт әріп» деген не? — деймін мен түсінбей.

— Осы уақытқа дейін төрт әріптің не екенін білмей жүрсен, онда өзің әлі күнге дейін не балалықтан, не шалалықтан арыла алмай жүрген бір ашықауыз екенсің, — деді.

— Рас айтам. Мен шынында да «төрт әріптің» түсінбей тұрмын, — дедім. Меңгеруші менің бетіме адырая бір қарап:

— Түсінбесең, түсінесің әлі! «Төрт әріп» деп бізде НКВД-ны айтады, — деді.

— Олардың мені аспирантурадан шығару жөнінде бұйрық беруге қандай правосы бар?

— Бұйрық емес, нұсқау.

— Тіпті нұсқау беруге де правосы жоқ қой.

— Міне, бұларға бірдеңе айтсан, «Правом». «Правом» деп шыға келеді. Білмейсің бе, қазір право тек қағаз бетінде ғана екенін, ал іс жүзінде, өмірде, мүлде басқаша... Мен басылып қалдым да, жай ғана.

— Нұсқауды жазба түрде берді ме, әлде ауызша ма? — дедім. Аспирантура меңгерушісі:

— Жазбашасы не, ауызшасы не, оның сен үшін қандай айырмасы бар, — деді. Мен:

— Дегенмен, білгім келеді. Тап осындай жағдай менің басымнан бұдан дәл үш жыл бұрын бір рет өткен еді, — дедім шынымыды айтып,

— Онда қалай болып еді?

— Онда да дәл осындай белгісіз бір адамның ректоратқа келіп, мені университеттен шығару жөнінде нұсқау беріп кеткенін, сол нұсқау бойынша оқудан шығарылғанымды айттым. Бірақ бір өкініштісі — сол нұсқауды кімнің жөне неге сүйеніп бергенін, жазбаша әлде ауызша түрде берді ме, соны біле алмай бара жатқанымды айттым.

— Оқуды қалай бітірдің?

— Экстернат болдым.

— Ендеше, бұл жолы да солай етуіңе болады. Іштей оқыдың не, сырттай оқыдың не? Айырмасы аз. Қайта сен аспирантураның теориялық курсының толық тыңдап шықтың. Енді сырттай оқуға толық көшуіңе болады. Азар болса, стипендия алмассың. Оның есесіне қызмет істеп жүрген жоқсың ба? Озің кім болып істеп жүрсін?

— Республиканың комсомол-жастар газетінің жауапты секретарымын.

— Өте жақсы. Аспирантураны бітіріп, кандидат болып шыққаныңның өзінде де мұндай жұмысқа орналаса алмауың мүмкін. Қайта осы орнынан айырылып қалма, — деді.

— Дегенмен, айтынызшы, келген кім?

— Қарапайым (гражданский) киінген бір қазақ жігіті келді де, қойнына қолын сұғып, куәлігін алып көрсетті. Сөйтсем, НКВД-ның оперативтік өкілі екен. Фамилиясы — Киқымов. Сол кісі сені аспирантураға ұстауға болмайды, шығару керек деп нұсқау беріп кетті. Біз соны орындадық.

— Нұсқауды жазба түрде берді ме, әлде ауызша ма?

— Ауызша.

— Көке-ау, — деймін мен қиналып — кім көрінген келді екен деп, кім көрінген айтты екен деп, адамды жұмыстан немесе оқудан шығарып жібе-

ре беруге бола ма екен? Жазбаша нұсқау түспесе, ауызша немесе телефонмен айтқан нұсқауды кісі тыңдай ма екен? Және оны орындай ма екен? Сіз оған айтпайсыз ба, беретін нұсқауыңыз немесе бұйрығыңыз болса, жазба күйінде тапсырыңыз, ол мен үшін документ болып қалады. Бұйрық бергенде де, шығарған күнде де, соны негізге аламыз, — демедіңіз бе?

— Мен оны айтпады дейсің бе? Мен одан нұсқауды жазба түрде беруін сұрадым. Бірақ ол оны тыңдамады. «Біздің ауызша нұсқауымыздың өзі заңмен бірдей» деді. Және мұны сіз бен менен басқа ешкім білмесін, ешкімге айтушы болмаңыз, — деді.

— Міне заңсыздық! — дедім мен одан сайын күйініп, — сонда мені аспирантурадан шығару жөнінде бұйрықты қандай негізге сүйеніп бердіңіз?

— Негіз жоқ. Бірақ бұйрық бердік.

— Бұл да заңсыздық қой, — дедім мен одан санын ашынып, — мен әрі қарай ізденемін, ісімді қуамын. Директорға, президентке барамын. ЦК-ға барамын. Газетке жазамын. Бұл істі бұлай аяқасты қалдырмаймын. Мені оқуға деген правомнан айыруға ешкімнің хакы жоқ. Ондай заң жоқ, — деймін өршелене түсіп.

— «Заң!» «Заң!» — дейсің өңешің үзілгенше, өзеуреп. Қане, айтшы, қай жерден көрдің сол заңды? Тек өз басыңа іс түскенде ғана «заң», «заң» деп безек қағасың. Правоны, заңды бұрын іздесең қайда жүрсін? Үлкен бір газеттің басында отыр екенсің, жазбайсың ба сол жолсыздықтар мен заңсыздықтарды.

— Олар қайда? — деймін тағы да түкке түсінбей.

— Түк білмеген боларсың, ә? Айналана қарашы, толған заңсыздық, Рыскулов пен Нұрмақовты алып кетті, осы заңдылық па? Сейфуллин мен Жансүгіровты атып тастады, бұл да заңдылық па? — дейді ол одан сайын ашынып.

— Олар халық жаулары ғой, — деймін мен жайбарақат.

— Тфу, — деп ол жерге бір түкірді де: — Сен қандай халық жауы болсаң, олар да сондай халық жаулары!

— Онда мен ізденемін, жазамын, — дедім батылданып.

— Ойбай, Бейсен-жан, жай жүр. Өйтсең, бәрін бүлдіресің. Сен де, мен де кетеміз.

— Жок, бұл істі мен босқа қалдырмаймын! Заңсыздыққа қарсы күресемін.

— Онда, былай ет, қайда барсаң, онда бар, қайда жазсаң, онда жаз, тек төрт әріптің атын атама. Ол жөнінде еш жерде ешнәрсе айтпа. Сен ештеңе естімеген, білмеген бол, мен ештеңе айтпаған болайын. Сенен өтінем, — деді.

— Жарайды, — дедім мен.

Сөйтіп, тағы да салым суға кетіп, не істерімді білмей жүргенімде, «Литературная газетаның» бетінде «Так ли готовят научные кадры?» деген үлкен мақала сарт ете қалды. Авгоры — әлгі өзім кездескен, сөйлескен ақын Қапан Сатыбалдин. Мен ол мақала жаза қояды және ол газет бетіне осынша тез басыла қояды деп ойлаған жоқ едім. Мақала басылып шыққаннан кейін, өзімнің ғылыми жетекшім — Е. Ысмаиловқа бардым. Оған бар шынымыды айттым. Ол мені тыңдап болды да:

— Иә, іс қиынға тапқан екен. Егер төрт әріптің араласқаны шын болса, бұдан ешнәрсе шықпайды, — деді.

— Енді мен қайтемін?

— Қайтушы едің. Ғалым болмағандар да өліп жатқан жоқ қой. Ақынсың. Жазасың. Қызметіңді істеп, өлеңіңді жазып жүре бер. Сонда да ешкімнен кем болмайсың, — деді.

(Соны бар).

# КҮЛКІСІЗ КҮНДЕР, ҰЙҚЫСЫЗ ТҮНДЕР

## Тағдыр

(Соңы).

Екеуіміздің әңгімеміз осымен бітті. Келесі күні институт директоры М. Ғабдуллинге бардым. Бұдан бұрын өзі «хабарласып тұр» деген болатын. Еніді барсам, ол менімен сөйлеспек түгіл, тыжырынып теріс қарады. Кейін тіпті өзімнің ғылыми-жетекшім Е. Ысмайлов та менімен сөйлеспей қойды. Кейбір тамыр-таныстар да, әсіресе Оқу-педагогика баспасының қызметкерлері менен қашқақтай бастады. Өйткені, сол баспадан менің «Біздің сахна» атты өлеңдер жинағым шығуға тиіс еді. Бір барғанымда: «Баспаханаға теруге жіберілді» деген-ді. Екінші барғанымда «Біздің баспаханалардың жұмысы көп болып, біраз қолжазбаларды Татарстанға, Қазан қаласының баспаханаларына жібердік. Сенің кітабың да солардың ішінде кетті» деген болатын. Мен ішімнен: «Қазан — біздің мәдениет, ғылым, өнер, сондай-ақ баспа жөніндегі қара шаңырағымыз ғой. Бір кезде Абай, Сұлтанмахмұт, Мағжан, Сәкен, Сәбиттердің де кітаптары сол қалада басылып шыққан болатын. Менің де кітабым солардың ізімен кетсе, бұл — жақсы ырым ғой» деймін ішімнен. Бірақ сол кітаптың жарыққа шығуы тым ұзап кетті. Ақыры мүлде шықпай қалды.

Кейін білсем, оның жарыққа шықпауына да менің әлгі Қиқымов деген «көлеңкем» себеп болыпты. Ол Оқу-педагогика баспасының редакция меңгерушісі О. Оспановқа барып жолығып, шығайын деп тұрған жерінен менің кітабымды алдыртып тастапты.

Міне саған заңсыздық! Міне саған бассыздық! Әлгі біздің «алтын заң» деп атап жүрген, сталиндік Конституцияда жазылған «Сөз бостандығы», «Ар бостандығы», «Баспасөз бостандығы» деген праволарымыз қайда? Бірақ кімге барып шағым жасарсың? Кімнен заңдылықты талап етерсің? Ол кездегі заңымыз адамды және оның правосын қорғамайтын. Қолында кішкене болса да билігі барлар оны қалай бұрса, ол солай бұрыла салатын. Ол әсіресе бас бұзарлар мен әпкербақандардың, мансап, атак-дөреже куған алаяқтардың құралына (сойылына) айналған кез-тің. Сөйтіп, «төрт әріптің» күдігіне іліккен адамдар союға өкеп, байлап қойған қой тәрізді, өзінің өлім кезегін күтіп, іштен тынып жүре беретін. Ол кезде бұдан басқа қолдан келер шара болмайтын.

Төрт әріптің тырнағынан сені басқалар түгіл бірде-бір партия, совет орындары, тіпті ешқандай халық депутаты да арашалап алып қала алмайтын. Төрт әріптен тіпті олардың өздері де жасқанатын, қорқатын. Өйткені ол кезде төрт әріп ешқандай партия, совет орындарына бағынбайтын, тікелей Сталиннің өзіне, Ежовқа, Берияға немесе солардың жергілікті орындарында отырған «Кішкентай Ежов», «кішкентай Берияларға» ғана бағынатын.

Мен өзімді Отанымның адал перзенттерінің бірімін деп есептеп, әрі өмірде әділдік, шындық, ақиқат бар деп санап, Отаным мен әділдік тұрғанда, маған кім тиер дейсін деп, өмір бойы қаннен-қаперсіз, аузымды ашып жүре бергенімді сонда ғана сезгендей болдым.

Бір өкініштісі — кітап шықпай жатып, алпыс процент ақшасын босқа алып кеттім-ау» деп киналдым. Ал Қиқымовтардың мемлекеттің ақшасы түгіл, оның адамдарын қырып жатса да, бүйректері бүлік етпеген де шығар.

Сонымен, күн артынан күн, ай артынан ай өте берді. Менің де айналадағыларым алыстап, өрісім тарыла бастады. Мен бір алапес ауруымен ауырған адамнан да жаман болдым. Жаныма еш жан жоламайды, қасыма еш пенде келмейді. Менен сескенбеген, үрікпеген, қашпаған бір-ақ адам болды. Ол әлгі өзімнің соңымнан өалмай, әайда барсам да ілесіп, аңдып жүретін «көлеңкем» еді. Ол енді университетті, аспирантураны, баспаны, редакцияны былай қойып, біздің үйді сырттан тори бастады. Күні-түні есік-терезені аңдыды. Біздің үйге кім келіп, кім кеткенін бақылаумен болды.

Әрине, заң орындарының, оның ішінде НКВД қызметкерлерінің мемлекеттің қауіпсіздігін, үкімет басшыларының амандығын қорғауға ешкім де қарсы емес, қайта мемлекетті, үкіметті бүкіл ел, бүкіл халық болып қорғауымыз керек. Бірақ заң орындарының қызметкерлері өздерінің қимыл, іс-әрекеттерін тек СССР Конституциясына, Совет заңына, жалпы адамгершілік принциптерге сай жасайтын болсын, әсіресе адамдарды қудалау мен тергеудің «тиым салынған айла-тәсілдерін» қолданбайтын болсын дейміз ғой. Әйтпесе заң қызметкерлерінде біздің неміз бар. Қайта біздің әрқайсысымыз сол заң күзетінде тұруға, істері әділ, адал әрі заңды болса, оларға көмекке келуге әрқашанда әзірміз ғой.

Ал жақсы күнде жолдас, дос болып жүрген адамдардың көпшілігі, қысылғанда, қол ұшын бермек түгіл, теріс айналып кетті. Кейбіреулері тіпті жала жауып, басқалармен бірге өзімді қаралай бастады. Осындайда орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкиннің: «Тәңірім, мені достарымнан сақта, ал дұшпандарымнан өзім де сақтанамын» деген қанатты сөзі еріксіз еске түседі. Әрине, «бұл қылықтары үшін оларды кінәлауға болмайды, өйткені ол кезде уақыт солай, жағдай солай болды» дейміз ғой кейде. Дегенмен, дегенменде... Нағыз адамдар сол қиын күннің өзінде де адам болып қала білді. Солардың бірі — кершім, Совет Армиясының офицері, лейтенант Қабаш Бекеев еді. Ол мен ұсталып кеткеннен кейін де біздің үйден қол үзбей, қолдан келген жәрдемін (азық-түлік, отын-су дегендей) беріп тұрыпты.

Әлгі «Литературная газета» жарияланған мақала бойынша академияда, институтта, аспирантурада сөз болды ма, жоқ па, — оны мен білмеймін. Олардың редакцияға не деп жауап бергенінен де хабарым жоқ. Сөйтіп жүргенде, «Правда» газетінің 1950 жылғы 26 декабрьдегі санында Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, А. Якуниндер қол қойған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» деген мақала басылымасы бар ма! Онда Қазақстанның бірсыпыра тарихшы, әдебиетші ғалымдары (Е. Бекмаханов, Х. Әділгереев т. б.) ұлтшылдықтың, байшылдықтың; жалпы буржуазиялық идеологияның шырмауында жүр деп айыпталыпты. Ал мұның алдында өзіміздің «Қазақстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің беттерінде «Адвокаты буржуазных националистов» (К. Жұмалиев, Е. Ысмайлов, Б. Кенжебаев. Б. Шалабаев жөнінде), «Профессор Маргулан извращает историю», «М. Әуезов өткен қателіктерінің шырмауында», «Хандардың жоқтаушысы» (Қалижан), «Шығыстың шылауындағы жас ақын» (Шанғытбаев) деген мақалалар басылып, олардың тигізген «зар-

дабы» әлі ұмытыла қоймаған кез болатын.

Міне, осы мақалалар Қазақстанда жана қудалаудың (репрессияның) басталып кетуіне себеп болды ғой деймін. Әйтеуір арада көп уақыт өтпей-ақ. 1951 жылдың январында НКВД қызметкерлері келіп, жұмыста отырған жерімнен мені тұтқынға алды. Сөйтіп, менің үйіме кенеттен жай түскендей, шаңырағым шарт сынып, ошағымның астан-кестені шықты. Тергеу орындарының қысымына шыдай алмаған жұбайым мезгілсіз қаза тауып, екі балам жетім қалды, іні-қарындастарым бас сауғалап, әрқайсысы әр жаққа қанғып кетті. Төз-төз болып, бытырап кеткен семьяның басын кейін қайта құру мүмкін болмады. Балапандардың ұясын талқандаған құзғын секілді, семьяның шырқын бұзғаннан үкіметке, мемлекетке келетін қандай пайда бар еді? Бұл жөнінде ойланған бір адам болды ма екен?

Тергеу орындары алты айдың ішінде менен «аса қауіпті қылмыскер» жасап шығарды. Ал Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясы РСФСР Қылмысты істер Кодексінің 58-10, 58-11 статьяларының 2-тармағымен айыптап, 25 жыл мерзімге бас еркінен жөне онан кейінгі уақытта бес жылға правомнан айырып, еңбектүзеу лагерьлерінде ұстауға үкім шығарды. Және онда: «үкім түпкілікті, оған шағым жасауға болмайды» делінген. Сөйтіп, «байтал түгіл, бас қайғы» дегендей, ғылым түгіл, бас бостандығымнан айрылып, ширек ғасырлық азаптың ауыр жүгін арқапал кете бардым... Тура келген ажалдан ешкімнің де туған әке-шешен де, ағайын-туыс, дос-жарандарын да, тіпті ең маман деген дәрігердің өзі де аман алып қала алмайтыны тәрізді заң орындарының тырнағынан мені де қорғап қалуға ешкімнің де әлі келмеді. Торға түскен торғайдай шырылдап кете бардым...

Тек арада алты жыл өткенде, СССР Жоғарғы соты Қылмысты істер Коллегиясының 1956 Жылы 17 ноябрьдегі қаулысы бойынша, менің іс-әрекетімде қылмыс құрамы болмауына байланысты, мен толық ақталып, басым азаттық алып елге қайттым. Ал арада 19 жыл өткенде, яғни 1970 жылғы 12 июньде, Қазақ ССР Ғылым академиясының фиолология ғылымдары жөніндегі біріккен Ғылыми Советінің мәжілісінде «Қазақ-татарәдебиеттерінің байланысы (даму кезендері)» деген тақырыпта диссертация қорғап, фиоллогия ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болдым. Сондай-ақ арада тура жиырма жыл өткенде, яғни 1971 жылғы 18 январьда Жоғары Аттестациялық Комиссия (ВАК) менің ғылыми дәрежеміді бекітіп, «Ғылым кандидатның дипломы» (МФЛ № 006030) жіберді. Сөйтіп менің арман еткен дипломым арада тура жиырма жыл өткенде барып қолыма келіп тиді. Профессор П. С. Богословскийдің: «Студент — упорный — кайсар» деген ұлағатты сөзі сонда тағыда еске түсті.

Әрине, мұның бәрі — еткен іс. Сондықтан кейбіреулердің: «Қазір оларды қайта қорыпп, ақтарып айтып жатудың не қажеті бар?» деуі де мүмкін. Бәлкім, солай да болар. Бірақ біз бұларды айтқанда, атымызды шығару немесе біреулермен есеп айыру, кек қайтару үшін емес, кейінгілерге сабақ болсын дейміз. Кейінгі ұрпақ біздің басымыздан кешкен қиындықтар мен жіберген қателіктерді қайталамайтын болсын дейміз.